

**Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 542 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 қаңтарда № 3186 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 08 ақпандағы № 48 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 08.02.2016 № 48 қаулысымен (қол қойылған үнінен бастап күшіне енеді).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 31.03.2014 № 111 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 238-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) 1, 2, 3, 4 қосымшаларға сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 31.03.2014 № 111 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бесқарағай ауданы әкімінің орынбасары Е. Е. Рахметуллинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Н. Сыдықов
-------------	------------

КЕЛІСІЛДІ:	
Мәслихат хатшысы	Қ. Садықов
	"25" желтоқсан 2013 жыл

Бесқарағай аудандық әкімдігінің  
2013 жылғы 25 желтоқсан № 542  
қаулысына 1 қосымша

**"Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары қызметтерінің тізбесі**

1. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры
2. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман
3. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші
4. Күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер

Бесқарағай аудандық әкімдігінің  
2013 жылғы 25 желтоқсан № 542  
қаулысына 2 қосымша

**"Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру мамандары қызметтерінің тізбесі**

1. Мектеп директоры
2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
4. Әдістемелік кабинет меңгерушісі
5. Барлық мамандықтар мұғалімдері
6. Педагог-психолог
7. Алғашқы әскери даярлық жетекшісі
8. Қосымша білім педагогы

9. Педагог-ұйымдастырушы
10. Өндірістік оқыту шебері
11. Әлеуметтік педагог
12. Мұғалім-дефектолог
13. Еңбектерапиясы жөніндегі нұсқаушы
14. Лобарант
15. Тәлімгер
16. Тәрбиеші
17. Музыкалық жетекші
18. Инструктор
19. Кітапханашы
20. Медицина бикесі
21. Әдіскер
22. Қосымша білім беру ұйымының директоры

Бесқарағай аудандық әкімдігінің  
2013 жылғы "25" желтоқсан № 542  
қаулысына 3 қосымша

**"Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық ішкі саясат,  
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі  
бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық жердегі жұмысы  
үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген мәдениет  
мамандары қызметтерінің  
тізбесі**

1. Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын директоры
2. Әдіскер
3. Әртіс
4. Мәдени ұйымдастырушы
5. Кітапхана директоры
6. Кітапханашы
7. Хореограф
8. Дыбыс жазу операторы
9. Музыка жетекшісі
10. Инспектор

Бесқарағай аудандық әкімдігінің  
2013 жылғы "25" желтоқсан № 542  
қаулысына 4 қосымша

**"Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі**

Ескерту. Қаулы 4 қосымшамен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 31.03.2014 № 111 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Директор;
2. Директордың орынбасары;
3. Филиалдың директоры;
4. Ветеринарлық пункт меңгерушісі;
5. Мал дәрігері;
6. Мал фельдшері.